

Согласно действующему российскому законодательству исключительное право на РИД, созданный творческим трудом, первоначально возникает у его автора. Права на РИД, созданный совместно творческим трудом двух и более граждан (соавторство), принадлежат авторам **совместно** (выделено мной – И.М.). Исключительное право на РИД является неделимым.

Обсуждается вопрос о возможности долевого владения правами на РИДы. Делимость исключительного права на РИДы, по мнению сторонников этого предложения, будет способствовать, в частности, урегулированию защиты миноритарных соправообладателей. В этом случае требуется разработка механизма распоряжения долями в исключительном праве.

Обсуждается вопрос о внесении изменений в ГК РФ в части предоставления третьим лицам возможности подачи замечаний в отношении патентоспособности объектов, раскрытых в переведенной на национальную фазу в Российской Федерации по заявке РСТ, сразу после ее перевода на национальную фазу.

Рассматривается возможность внесения изменений в ГК РФ, касающихся введения публичной предрегистрационной оппозиции на стадии рассмотрения заявки на промышленный образец. Это создаст условия для более оперативной правовой охраны (патентования) результатов разработок, в том числе с коротким жизненным циклом, российских дизайнеров и учета мнения относительно патентоспособности соответствующих дизайнерских решений.

Предлагается внести изменения в гражданское законодательство, в частности в ГК РФ, касающиеся СИ. Так, ожидается закрепление возможности государственной регистрации товарных знаков и распоряжения правами на них гражданами, в том числе самозанятыми.

В связи с введением в ГК РФ норм, предусматривающих правовую охрану географических указаний, ожидается присоединение Российской Федерации к Женевскому акту Лиссабонского соглашения о наименованиях мест происхождения товаров и географических указаниях, что предоставит возможность их регистрации одновременно во всех государствах, присоединившихся к указанному соглашению.

Предполагается внесение изменений в ГК РФ в части введения ограничения на регистрацию товарных знаков, содержащих географические указания.

Список литературы

1. Гражданский кодекс Российской Федерации (часть четвертая) от 18.12.2006 № 230-ФЗ (ред. от 11.06.2021) (с изм. и доп., вступ. в силу с 01.01.2022) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_64629/.
2. Распоряжение Правительства Российской Федерации от 03.08.2020 № 2027-р (в редакции Распоряжения Правительства Российской Федерации от 25.08.2021 № 2360-р) // <http://publication.pravo.gov.ru/Document/View/0001202008080001>.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ БАНКРОТ ДЕП ТАҢУ МӘСЕЛЕСІ

*Мырзалиева Ж.Т., Жағалов Р.Б. аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
Жағалов Р.Б. аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
азаматтық және еңбек құқықтары кафедрасы*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар айында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңды дереу әзірлеуді тапсырған болатын.

Ұлттық банктің дерегінше, өткен жылдың соңғы 10 айында қазақстандықтардың 3 трлн 021 354 млн теңге ипотекалық қарызы болды. Жеке тұлғалардың тұтынушылық несиесі 5 трлн 768 562 млн теңгеден асты. Ал мерзімі өткен несие берешегі 640 млрд, оның ішінде 90 күннен асқан қарыз мөлшері 359 млн теңгеге жетті, деп хабарлайды inbusiness.kz.

Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың банкроттығы мәселесіне қатысты 2015 жылы заң жобасы әзірленіп үкіметке ұсынылды, бірақта министрлер кабинеті қолдамаған болатын. Бұл мәселе 2015жылдан бастап талқылау үстінде. Мұның салдары қайғылы оқиғаларға себеп болып жатыр. Мысалы өткен жылы Алматыда бір басында үш несиесі бар ана 3 баласы мен өзінің ажалына себепші болған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова жеке тұлғалардың банкроттық институтын енгізу қажет деп санайды. Оның ойынша, микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктердің жауапкершілігін арттыруға басымдық береді.

Қолданыста әрекет етуші заңнама заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығын мойындайды, ал жеке тұлғалардың банкроттығына байланысты заң нормалары қарастырылмаған [1].

Жалпы банкроттық азаматтық құқықтың неғұрлым өзекті мәселесі болып табылады. Бұл мәселе тауар-ақша айналымымен тікелей байланысты. Қазіргі замандағы ғылым «банкроттық» ұғымын екі мағынада қарастырады. Экономикалық және құқықтық тұрғыдан. Көптеген зерттеушілер банкроттық сөзінің этимологиялық негізі итальян тілінен аударғанда екі сөзден құрылған, «banco» және «rotto», яғни, «орындық», «сыну». Тарихшылардың ойынша банкроттықтың бастауы Италия мемлекетінде Генуя қаласында бастау алады. 12-15ғасырларда Венеция қаласында, Әулие Марк алаңында сатушылардың орындарында орындықтар тұрған, олардың атауы banco болды. Тарихи мәліметтерге сәйкес кредиторлар әрекетке қабілетсіз сатушылардың орындықтарын сындырған. Сондықтан көптеген авторлар «банкрот» сөзін итальяндық «banca rotta» сөзінен шыққан, яғни орындықты сындыру. Банкроттық сөзіне бір-бірінен күрделілігімен ерекшеленетін көптеген анықтамалар бар. Мысалы, Д.Н.Ушаковтың пайындауынша банкроттық сөзі кедейлену, яғни дәрменсіздікке ұшырау дегенді білдіреді[2;28]. Банкроттық кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін жою формаларының бірі ретінде көрініс табады. Экономикалық тұрғыдан қарағанда банкроттық борышкердің дәрменсіздігінің нәтижесі болып табылады. Алайда кез келген дәрменсіздік банкроттық ретінде қарастырылмайды. Шетелдік заңшығарушылық органдар «дәрменсіздік» терминін қолданады, себебі банкроттық – дәрменсіздіктің қылмыстық-құқықтық жағы деген пікір бар. АҚШ мемлекетінде тұлғаға қатысты банкроттық ісі қозғалса, сот өндірісі кезінде дәрменсіз деп саналады, ал сот шешімі шығарылғаннан кейін банкроттық деп танылуы мүмкін. Қазіргі Қазақстан Республикасының заңшығарушы органы банкроттық сөзін борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі ретінде қарастырады[3].

Бұл терминге анықтама беру құқықтық саланы да қамтып өтті. Бұл құбылысты зерттеушілер үш топқа бөлінді. Бірінші зерттеушілер тобы – нормативистер. Бұл зерттеушілер тобы банкроттық ұғымын құқықтық және экономикалық мазмұнда қарастырады. Сонымен қатар, Е.В.Смирнова ойынша дәрменсіздік (несостоятельность) пен банкроттық терминдерін ажырату кредиторлардың шаруашылық мүмкіндіктерді асыра сілтеп пайдаланудың алдын алады деп айтады [4;141]. Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімімен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады.

Қазіргі уақытта мемлекетімізде экономикалық тұрақсыздыққа сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет әлсіз болып келеді. Экономикалық қауіпсіздікке қатер төндіретін мәселелермен қатар шаруашылық субъектілердің ең маңызды мәселесі төлем қабілетсіздік болып табылады [5;429].

Борышкердың дәрменсіздігі туралы сот шешімін мойындау кәсіпорынды тарату үшін негіз болып табылады. Ақшалай міндеттемелер, сонымен қатар кәсіпорын мүлкінің есебінен еңбекақы, бюджеттік және бюджеттік емес қорларға төлем төлеуді қоса кредитордың талаптарын қанағаттандыру борышкердің дәрменсіздігі және қабілетсіздігі болып табылады. Банкроттық, сондай-ақ ерікті түрде, борышкердің сотқа жазған арызы бойынша немесе соттан тыс тәртіпте кредитормен келісімге келу негізінде борышкерды ресми түрде банкрот деп жариялау арқылы анықталады.

2021 жылдың 1-желтоқсан айына жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген қарыздардың мөлшері 422,0 млрд. тенгені құрайды. Ал 2018 жылдың 1-қаңтары – 414,5 млрд. тенгені құраған болатын, яғни 8млрд. тенгеге өскенін көруге болады. Көптеген жағдайда заем алушылар қарыз төлей алмауын жұмыстан не асыраушысынан айрылуына, денсаулығының нашарлауына және т.б. себептермен байланыстырады.

Бұдан басқа төтенше жағдайға байланысты заем алушыларға несие бойынша төлемдерді кейінге шегеру бойынша шаралар қолданылды, бірақ бұл толық көлемде несие алушылардың проблемаларын шешуге алып келген жоқ. 2021 жылдың 1-желтоқсан айына жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген қарыздардың мөлшері 422,0 млрд. тенгені құрайды. Ал 2018 жылдың 1-қаңтары – 414,5 млрд. тенгені құраған болатын, яғни 8млрд. тенгеге өскенін көруге болады. Көптеген жағдайда заем алушылар қарыз төлей алмауын жұмыстан не асыраушысынан айрылуына, денсаулығының нашарлауына және т.б. себептермен байланыстырады.

Бұдан басқа төтенше жағдайға байланысты заем алушыларға несие бойынша төлемдерді кейінге шегеру бойынша шаралар қолданылды, бірақ бұл толық көлемде несие алушылардың проблемаларын шешуге алып келген жоқ.

2022 жылдың ақпан айында «Қазақстан Республикасының азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы әзірленді.

Заң жобасында жеке тұлғаларды банкрот деп танудың екі нысаны: соттан тыс және сотта банкрот деп тану тәртібі қарастырылады.

Соттан тыс банкроттық үрдісін қолдану туралы өтінішті беру негіздеріне:

- Берешегі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен аспайтын (306300тг) борышкер кредиторлар алдындағы міндеттемелер, олардың өтеу мерзімі басталған күннен бастап он екі ай ішінде орындалмаған жағдайда өтініш береді.

- Берешегі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 100 еселенген және 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын (4900800тг) борышкер кредиторлар алдындағы міндеттемелері, олардың өтеу мерзімі басталған күннен бастап алты ай ішінде орындалмаған жағдайда өтініш береді.

- Уәкілетті органның интернет-ресурсы немесе салықтық мобильді қосымшасы арқылы банктік қарыз және (немесе) микрокредит беру шарттары, сондай-ақ шарттар бойынша туындайтын міндеттемелер бойынша, коллекторлық агенттік пен кредиторлар арасында жасалған берешекті өндіріп алу және (немесе) талап ету құқығын басқаға беру туралы, егер мұндай міндеттемелер, оларды орындау мерзімі басталған күннен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға өтінішті бере алады.

Борышкер банкрот деп танудың соттан тыс рәсімін қолдану туралы өтінішті уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен уәкілетті органның ақпараттық жүйесі немесе салықтық мобильді қосымшасы арқылы әкімшілердің кәсіби ұйымына береді.

Әкімшілердің кәсіптік ұйымы банкроттықтың соттан тыс рәсімін қолдану туралы өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындай ұйымның мүшесі болып табылатын қаржы басқарушысын тағайындайды.

Сотта банкроттық немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үрдісін қолдану туралы өтінішті беру үшін келесі негіздер қарастырылған:

Берешегі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын борышкер келесі жағдайлардың жиынтығында:

1) орындау мерзімі басталған міндеттемелерді қоса алғанда, борышкердің барлық міндеттемелерінің сомасы оған тиесілі мүлік құнынан асып кеткен жағдайда.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР заңының 48 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына көрсетілген негіздер бойынша атқарушылық құжат қайтарылған жағдайда;

2) борышкер банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру шарты бойынша берешекті өтеу шараларын қабылдаған;

3) борышкер өтініш бергенге дейінгі жеті жыл ішінде борышкерге төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот банкроттық тәртібі қолданылмаған жағдайда.

Сотта төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе банкроттық үрдісін қолдану туралы арызды борышкер тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында береді.

Екі үрдісті алып қарастыратын болсақ соттан тыс банкрот деп тану негіздеріне қатысты заң жобасының нормаларына қатысты әр түрлі талқылаулар, көзқарастар болғандықтан заң жобасының 3 бабының нормаларын қайта қарауды талап етеді деп ойлаймыз [6].

«О банкротстве физических лиц» Ресей Федерациясының 01.10.2015 заңына сәйкес жеке тұлғаның банкроттығы арбитражды сотпен ғана танылады, өзге соттар бұндай істерді қарастырмайды [7].

Жалпы банкроттықтың жағымсыз жақтары:

1. Банкроттық алдындағы сыйға тарту шарты, төмен бағамен сату шарттары сияқты кейбір жасақан мәмілелер айқындалып, дау туындап заңгерлермен немесе қаржылық басқару органдарымен теріске шығарылуы мүмкін.

2. Емделуге жақын туыстарын жерлеуге қатысты қажетті жағдайларды қоспағанда 3 жыл ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға тиым салынады.

3. Банкроттық рәсімінің ұзақтығы. Бұл рәсім орта есеппен 7-10 айға созылуы мүмкін. Бұл үрдістің ұзақтығы қарсылық білдірілген мәмілелер мен тыйымға салынған мүлікке байланысты.

4. Мүліктің сатылуы. Бұған жатады: ипотекалық пәтерлер, гараж, автомобиль, жер учаскелері. Сатылған мүліктен түскен табыс кредиторлар арасында бөлінеді.

6. Алимент, жеке тұлғаның денсаулығына зардап тигізгенін өтеу шығындары сияқты қарыздар жойылмайды.

Банкроттық салдары 3 жыл ішінде:

1. Заңды тұлға құруға тыйым салынады.

2. жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге тыйым салынады.

3. Нотариус, аудитор, жеке сот орындаушысы, медиатор, бағалаушы, адвокат болуға, қаржы қызметкері ретінде жұмыс істеуге тиым салынады.

4. 7 жыл бойы банкроттық рәсімін өткізуге тыйым салынады.

5. банкроттерден және микрокредиттік ұйымдардан заем ала алмайды. Кепіл, кепіл беруші, кепілдік, кепіл болушылық ретінде түсуге құқығы жоқ.

Банкроттық институты отандық құқықтық реттеу жүйесі мен кәсіпкерлік қатынастар үшін жаңа болып келеді. Біздің мемлекетімізде жеке тұлғалардың банкроттығы туралы мәселе әлі талқылануда. Банкроттық мәселесі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Оңалту және банкроттық туралы № 176 Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасында банкроттық туралы істерді азаматтық сот істерін жүргізу соттары қарастырады. Банкроттық азаматтың ерікті өтініші негізінде

қарастырылып танылады, сонымен қатар борышкердің дәрменсіздігі банкроттық деп тану үшін тікелей негіз болып табылады.

Мәжіліс депутаты Дания Еспаева палатаның жалпы отырысында кейбір қазақстандықтарға қарыздарды жабу мәселесін қозғады. Оның айтуынша, нарықтық қатынастар дамыған әлемнің ешбір жерінде мұндай ауқымды қарыздарды жабу қолданылмаған, ал төлем қабілетсіз қарыз алушылар мәселесі банкроттық туралы арнайы заңдарға сәйкес шешілуде.

Оның айтуынша, борышкердің несиелер берушілердің талаптарын қанағаттандыра алмауы - қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс факторларының бірі және мемлекет басшысының үкіметке және Ұлттық банкке халықтың әлеуметтік осал топтарына кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша қарыздарды өшіру тапсырғаны кездейсоқ емес. Қазіргі уақытта несиелік амнистия аясында мұндай қарыздар 507 мың азаматқа 630 мыңнан астам несиелер үшін есептен шығарылуы тиіс болатын. Оларды өтеуге 106 миллиард теңге бөлінді.

«Әрине, мемлекет қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға қажетті көмек көрсетуге міндетті. Алайда, барлық қиындықтарға қарамастан, алған несиелерін адал қайтарып берген, кейде өздеріне қажет нәрселерден бас тартқан азаматтар тең емес жағдайда болды», - деді Еспаева.

Оның айтуынша, бұл акция бір рет жарияланғанына қарамастан, келешекте несиелер төлеушілер саны қайтадан сыни деңгейге көтерілмейтініне кепілдік жоқ, әлеуметтік шиеленісті төмендету үшін қайтадан бұл әрекетті қайталау қажет болады, өйткені прецедент орын алды [8].

Заң жобасында азаматтың қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған заңға қайшы келмейтін кез келген шараларды қарастыруы мүмкін: ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімдерін өзгерту (қарызды кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту), айыппұлдарды, өсімпұлдарды өшіру, қарыздың бір бөлігін кешіру, алдымен негізгі қарыз бойынша міндеттемелерді орындау, содан кейін - сыйақы мен айыппұлдарды төлеу, тұрғын үйді арзандау үймен ауыстыру, егер экономикалық мақсатқа сай болса жалға берілетін пәтерде тұру және өзінің тұрғын үйін жалға беру және т.б.

Сондай-ақ, жоспарда борышкердің қажеттіліктері үшін қалатын ақшаның ең аз мөлшері анықталады. Бұл республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылы үшін белгіленген күнкөріс минимумынан аспайтын мөлшер, оның мөлшері борышкер қолдайтын адамдардың санын ескере отырып есептеледі. Белгіленген мөлшерден асатын барлық кірістер кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығына қатысты заңды қабылдау қажет екендігін көреміз.

Сондай-ақ микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктердің жауапкершілігін арттыруға басымдық береді.

Тұтастай алғанда, жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін және банкроттығын қалпына келтіру институтын енгізу Қазақстандағы заңнаманы жаңғыртуға, құқықтық сенімділікті арттыруға, пайдаланылмаған өнімділік факторларын босатуға, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге және ел экономикасын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға ықпал ете алады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Айбын Асқарұлы «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қажет [Inbusiness.kz amp](http://Inbusiness.kz)
- 2 Ушаков Д.Н. Толковый словарь современного русского языка. М., 2013. -431с.
- 3 Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>
- 4 Смирнова Е.В. Банкротство несостоятельность рознь?// ЭКО. -1993г. -№9, -С.141-146

5 Темченко О.С., Попова М.С. Неплатежеспособность предприятия как одна из основных новых угроз финансово-экономической безопасности хозяйствующего субъекта: мат.-лы II науч.-практ. Конф. С междунаrod. Участием, Владивосток, 19-20 ноября 2015 года. Владивосток: Приморский фил. РАНХиГС, 2015. С.429-433

6 Досье на проект Закона Республики Казахстан «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан» (февраль 2022 года) Источник: ИС Параграф WWW <http://online.zakon.kz>

7 Закон о банкротстве физических лиц <https://viplawyer.ru/zakon-o-bankrotstve-fizicheskikh-lits/>

8 Принять закон о банкротстве физлиц предлагают в казахстане <https://kursiv.kz/news/finansy/2019-09/prinyat-zakon-o-bankrotstve-fizlic-predlagayut-v-kazakhstane>

ЮРИДИЧЕСКОЕ ЛИЦО КАК ПРАВОВАЯ КАТЕГОРИЯ: НАУЧНЫЕ ПОДХОДЫ И ОСОБЕННОСТИ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Ребицкая Е.В. аспирант БГУ, г.Минск, Республика Беларусь

Категория юридического лица является одной из фундаментальных и дискуссионных в правовой доктрине. В современном мире юридическое лицо выступает не только как субъект гражданско-правовых отношений, но и в некоторых ситуациях может обладать международной правосубъектностью. При этом в доктрине отсутствует единый подход к определению понятия и сущности юридического лица, что обуславливает необходимость проведения исследования научных подходов к определению данного термина и сфер его использования, в том числе в историческом контексте.

Таким образом, цель данного исследования – выявить специфику подходов к определению термина «юридическое лицо», сложившихся в доктрине, а также гражданском законодательстве Республики Беларусь, Российской Федерации, Республики Казахстан и Украины.

Научной базой исследования стали труды ученых-правоведов по вопросам становления и развития учений о сущности юридического лица. Нормативные правовые акты по рассматриваемой тематике, принятые в рамках СНГ и ЕАЭС, являются предметом настоящего исследования. Методологической основой проведения исследования стали методы анализа, синтеза, историко-правовой и сравнительно-правовой метод.

Институт юридического лица зародился в результате осуществления физическими лицами различных видов хозяйственной деятельности с целью удовлетворения своих потребностей и получения прибыли. Первые упоминания о юридических лицах можно найти еще в источниках римского частного права, где предусматривалось создание различных частных коллегий, которые владели собственным обособленным имуществом и выступали в гражданском обороте от собственного имени. Однако, определение понятия «юридическое лицо» не было разработано римскими юристами, так как данная категория рассматривалась в первую очередь как социальная, а не правовая [1; 122].

Первая попытка изучения на теоретическом уровне проблемы правового статуса юридических лиц приходится на эпоху феодализма, когда папой Иннокентием IV было дано определение понятия «корпорация» – целое, самостоятельное и индивидуальное образование, которое не зависит от отдельных физических лиц [2]. Дальнейшее развитие конструкция юридического лица получила в эпоху Нового времени, когда начали появляться различные крупные торговые предприятия. Именно тогда в доктрине появилась первая теория о юридических лицах – теория фикции. Ряд российских ученых-